

ЦИФРЛАНДЫРУ – КЕЛЕШЕККЕ ЖОЛ

4-БЕТ | ЖОЛДАУ



ХАНДАР ТӨРГЕ ШЫҚҚАН КҮН

7-БЕТ | ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ



ҚҰСТАРДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ...

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Алдағы дүйсенбі, 13 қазан – «Ақмола ақиқаты» атауымен шыққан, қазіргі «Astana aqshamy» газеті үшін тарихи күн. Осыдан 35 жыл бұрын, яғни 1990 жылдың 13 қазаны күні Целиноград қаласында газеттің алғашқы саны оқырман қолына тиді.



№120
(4864)
Сенбі
11 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

35 жыл Елорда шежіресі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОТАНДЫ СҮЮ – ЖҮРЕКТЕН

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, патриоттық рухты нығайту және ұлттық құндылықтарға құрметті арттыру мақсатында «Отанды сүю – жүректен» республикалық байқауы жарияланды.

Конкурс мобилография, шығармашылық жұмыс, ғимараттар мен аулаларды безендіру бағыты бойынша ұйымдастырылады. Жалпы жүлде қоры – 4500000 теңге. Өтінімдер 6 қазаннан 22 қазанға дейін қабылданады. Қорытынды іс-шара Астана қаласында 25 қазан – Республика күні өтеді. Байқау ережесі ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайтында жазылған.

ЗЕЙНЕТ ЖАСЫ ӨЗГЕРЕДІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстанда зейнетке шығу жасын жариялады. 2031 жылы ерлер де, әйелдер де зейнетке 63 жастан шығады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры баспасөз қызметінің мәліметінше, ерлер үшін зейнетке шығу, әдеттегідей, 63 жас болып қалады. Ал әйелдер үшін зейнет жасы 2024 жылдан бастап 61 жас болса, 2028 жылдан бастап ол жыл сайын өсіп отырады. Атап айтқанда, 2028 жылдан бастап – 61,5 жас; 2029 жылдан бастап – 62 жас; 2030 жылдан бастап – 62,5 жас; 2031 жылдан бастап – 63 жас.



ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ ЫРЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған сәттен бастап елімізде еңбек адамының мәртебесі көтерілді. Президент өз Жолдауында «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуы тиіс» деп атап өткен еді. Кеше елордада адал еңбегімен еленіп жүрген жұмысшы мамандар құрметке бөленді.



AI ТАҚЫРЫПТАРЫ – «КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІНДЕ»

«Келешек мектептері» жобасы аясында мектептерде «цифрлық сауаттылық» және «информатика» пәндерінің мазмұнына жасанды интеллект тақырыптарын енгізу жұмыстары басталды. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы хабарлады.

Қазіргі уақытта жасанды интеллект элементтері бар цифрлық шешімдерді білім беру процесіне тәжірибелік тұрғыда енгізу сынақтан өтіп жатыр. Аталған шешімдер еліміздің бірнеше мектебінде, соның ішінде Астана қаласындағы №101 «Келешек мектебінде» қанатқақты негізде қолданысқа енуде. Бұл мектепте жасанды интеллектімен жұмыс істеуге арналған заманауи цифрлық құралдар мен әдістер сынақтан өтіп жатыр. Білім беру ортасына кезең-кезеңімен Roqed AI, Aqyl, Google Workspace for Education және жасанды интеллект негізіндегі Kahoot сияқты шешімдер енгізілуде.



№120 (4864) 11/10/2025 Сенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ



ҚҰРМЕТ ПЕН СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Душанбеде өткен екінші «Орталық Азия – Ресей» саммитіне қатысып, сөз сөйледі. Қазақстан Президенті қонақжайлық танытып, саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырған Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонға алғыс айтты. Сонымен қатар Орталық Азия және Ресей арасында шынайы достық пен ынтымақтастықты, стратегиялық серіктестікті нығайтуға үлкен үлес қосқаны үшін Ресей Президенті Владимир Путинге ризашылығын білдірді.

РЕСЕЙ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСІ

«Орталық Азия – қарқынды дамып келе жатқан әлеуеті мол аймақ. Оның жаһандық үдерістердегі қазіргі және келешектегі рөлі зор. Мұны әлем мемлекеттері мойындап отыр. Осындай келіссөздерге қызығушылықтың артуы осының дәлелі. Тарихи, саяси, экономикалық, гуманитарлық факторлар тұрғысынан алғанда, Қазақстан үшін Ресейдің орны айрықша. Бір ғана деректі айталық: елдеріміздің арасын әлемдегі ең ұзын шекара бөліп жатыр, яғни 7591 шақырым. Бұрын-соңды болмаған геосаяси дүрбелеңге, әлем экономикасының тұрақсыздығына қарамастан, Ресей Қазақстанның стратегиялық серіктесі әрі одақтасы саналады. Алдағы уақытта да осылай болып қала береді. Орталық Азия өңіріндегі ахуал кейінгі жылдары саяси ынтымақтастық, экономикалық ықпалдастық, мәдени және рухани бірлікке қарай бет алғаны қуантады. Бұл оң үрдіс енді кері сипат алмайды және аймағымыздың Ресей мемлекетінің перспективті әрі беделді серіктесі ретіндегі салмағын үстей түседі» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы үш жыл бұрын Астанада өткен алғашқы «Орталық Азия – Ресей» саммиті көпжақты форматтағы ықпалдастықтың жемісті бастауы болғанын атап өтті.

«Бұл кездесу Ресеймен арадағы ұзақ мерзімді әрі көпжақты байланыстарға тың серпін беруді көздейді. Көпжоспарлы ынтымақтастық анағұрлым табысты дамуы үшін Орталық Азияның тұрақтылығын нығайту маңызды. Менің ойымша, мұндай серіктестіктің негізгі міндеті – осы» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент аймақ пен Ресей арасындағы екіжақты және көпжақты ықпалдастықтың бірқатар өзекті бағытына қатысты ойымен бөлісті. Бірінші басымдық ретінде сауда және индустриалды қарым-қатынасты дамытуға тоқталды.

«Алғашқы саммитте экономикалық ынтымақтастықтың жаңа үлгісін қалыптастыру бағытында жұмыс істеуге келіскен едік. Қабылданатын Бірлескен іс-қимыл жоспары 50-ден аса шараны қамтиды. Бұл – өте құнды құжат. Сол себепті оны уақытылы іске асыруға барынша күш жұмылдыру қажет. Орталық Азия елдерінің Ресеймен сауда көлемі барлық тауар айналымының үштен бірін құрайды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 20 пайыз өсіп, 50 миллиард доллардан асты. Аталған көлемнің жартысынан көбі Қазақстан мен Ресей арасындағы саудаға тиесілі. Былтыр оның көлемі 28 миллиард долларға жетті. Ресей Қазақстан экономикасына қаржы құйған ірі инвесторлардың қатарына енді. Инвестиция көлемі 26 миллиард доллардан асты. Былтырдың өзінде Ресейден тікелей келетін инвестиция ағыны 33 пайыз ұлғайып, 4 миллиардтан аса долларға көбейген. Оған өнеркәсіп кооперациясын жедел дамыту мүмкіндік берді. Жалпы құны 21 миллиард долларды құрайтын 114 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта 33 жоба бойынша жұмыс жүріп жатыр. Оның инвестиция көлемі 4,5 миллиардтан астам долларды құрайды» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, тараптар сауда кедергілерін жоюды, өзара сауданы жандандыруды және тауар айналымы номенклатурасын кеңейтуді қолдайды.

«Шекаралық сауда аймағын құру, тұрақты түрде шекаралық аймақтық форумдар, бизнес-форумдар, көрмелер мен жәрмеңкелер өткізу, электрондық сауда алаңын дамыту бұл міндеттерді шешуге ықпал етеді. Қазіргі уақытта Орталық Азияда бірлескен сауда-өнеркәсіп аймақтары мен индустриалдық хабтар қалыптаса бастады. Бұл алаңдарда өндіріс локализациясына, қосылған құнның барлық тізбегі бойынша кооперацияға және тұрақты тасымалды қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Ресейлік бизнестің аталған жобаларға қатысуы Ресей тауарларының біздің, соның ішінде Қазақстан нарығында ұзақ уақыт бойы айналымда болуына ықпал етеді» деді Президент.

КӨЛІК-ЛОГИСТИКА ЖЕЛІСІНІҢ ӨЗЕГІ

Президент көлік-логистика секторын нығайтуды тағы бір маңызды бағыт ретінде атады.

«Еліміз үшін Ресеймен стратегиялық ықпалдастықтың маңызы зор. Географиялық тұрғыдан оңтайлы орналасқан Қазақстан еуразиялық көлік-логистика желісінің өзегі ретінде Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті тұрақты байланыстыра алады. Ресей – өңір мемлекеттерінің әлем нарығына шығатын негізгі қақпасы. Сондықтан Ресеймен көлік-логистика саласындағы ынтымақтастықтың стратегиялық сипаты айрықша маңызды. Қазақстан аумағы арқылы 11 халықаралық көлік дәлізі өтеді, яғни бес темір жол және алты автокөлік жолы. Оған Азия мен Еуропа арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызы тиесілі. Соңғы 15 жылда саланы кешенді жаңғыртуға 35 миллиард доллардан аса қаржы жұмсалды. Нәтижесінде жүк тасымалының көлемі тұрақты түрде өсіп келеді. Ресейден Орталық Азияға Қазақстан арқылы темір жолмен тасымалданған жүк көлемі соңғы үш жылда 26 пайыз артып, 30 миллион тоннадан асты. Бұл ретте кері бағыттағы транзит шамамен 50 пайыз ұлғайды. Сонымен қатар Ресейден Қытайға еліміз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 3 есе артып, 5 миллион тоннаға жетті» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Үкіметінің алдында Ресейдің және Орталық Азия елдерінің Үкіметтерімен бірге өңірдің, жалпы еуразиялық кеңістіктің заманауи, қауіпсіз, орнықты көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту мақсатында белсенді жұмысты жалғастыру міндеті тұрғанына назар аударды. 2030 жылға дейін 5 мың шақырымнан аса жаңа темір жол төсеп, 11 мың шақырым жолды жөндеу жоспарланған.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің өткізу мүмкіндігін арттыру үшін нақты қадам жасалуда. 2030 жылға қарай Қызылорда қаласынан Ресей шекарасына дейінгі учаске төрт жолақты қозғалысқа ауыстырылады. Ресейлік және түрікмен серіктестерімізбен бірлесіп «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің шығыс тармағын дамытамыз. Бүгінде бұл бағытта тасымал көлемі айтарлықтай ұлғайғанын көріп отырмыз. 2027 жылға қарай аталған көлік жолының өткізу мүмкіндігін еселеу жоспары тұр» деді Президент.

ЫҚПАЛДАСТЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Мемлекет басшысы энергетика саласындағы ықпалдастықтың әлеуетіне жоғары баға берді.

«Ресей, Қазақстан және Өзбекстанның үшжақты газ одағының арқасында өңірде жаңа энергетикалық жүйе қалыптасып келеді. Бұл халық пен өнеркәсіпті көгілдір отынмен сенімді түрде қамтамасыз етеді. Каспий құбыры консорциумының маңызына арнайы тоқталсам деймін. Былтыр осы желі арқылы шамамен 63 миллион тоннаға жуық отандық мұнай тасымалданды. Аталған проблеманы терең түсініп, нақты шаралар қабылдаған құрметті Владимир Владимирович, Сізге алғыс айтамын. Сонымен қатар шығыс тармағының да өзектілігі артып келе жатқанын байқаймыз. Қазақстан Ресей мұнайын Қытайға тасымалдауда маңызды рөл атқарады. Біз арқылы жылына 10 миллион тоннаға дейін мұнай жеткізіледі. Дегенмен өткен жылы тасымалданған мұнай көлемі бұл көрсеткіштен асып түсті. Транзит қарқынының өсуіне қарасақ, оның көлемін арттыруға мүмкіндік бар. Бірнеше күн бұрын Санкт-Петербор қаласында Қазақстан мен Ресей арасында газ саласындағы ынтымақтастық жөнінде маңызды құжатқа қол қойылды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент соңғы жылдары Ресеймен атом энергетикасы саласындағы ынтымақтастық серпін алғанын айтты. Осы орайда «Росатом» компаниясының қатысуымен Қазақстанда алғашқы атом электр станциясын салу стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге көтереді.

«Атом өнеркәсібіндегі ықпалдастық бірқатар жаңама саланың дамуына берік негіз бола алады. Мұның біз үшін маңызы зор. Қазақстанда Ядролық отын циклі және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы өңірлік құзыретті кеңес құруды ұсынамыз. Заманауи ғылыми-зерттеу базасы мен білікті кадр даярлау жүйесін нығайту – өзекті мәселе. Бұл бағытта алғашқы маңызды қадам жасалды. Алматыда МИФИ Ұлттық зерттеу ядролық университетінің филиалы ашылды. Аталған жұмысқа екі елдің ғылыми-зерттеу институттарын тартып, оны одан әрі жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Жақында Ғылым жөніндегі кеңестің отырысын өткіздім. Ықпалдастық орнату үшін әлеуеттің бар екені анықталды әрі оны пайдалануға болады» деді Мемлекет басшысы.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРДІ БІРГЕ ЕҢСЕРЕМІЗ

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы цифрлық трансформация жүргізу өзекті міндетке айналғанына тоқталды. Сондай-ақ Қазақстан бұл салада кешенді жұмыс жүргізіп жатқанына мән берді.

«Жақында ғана Астанада Халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылды. Ол әлемдік компаниялармен, соның ішінде ресейлік кәсіпорындармен серіктестік орната отырып, отандық әзірлемелердің біртұтас экожүйесін құруды көздейді. Сонымен қатар ұлттық суперкомпьютер іске қосылды. Екінші суперкомпьютердің жұмысын жолға қою міндеті жүктелді. 400 мыңнан астам студентті қамтитын арнаулы мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Жасанды интеллект саласындағы зерттеу университетін ашу жұмыстары басталып кетті. Біз тәжірибе алмасуға, өзара тағылымдамалар өткізуге, зерттеу жобаларына және басқа да бірлескен бастамаларға қатысуға дайынбыз. Ғылыми және өндірістік инновация бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі саналатын Ресеймен ұзақ мерзімді әрі нәтижелі ынтымақтастық орнатуға ерекше қызығушылық танытамыз. Сондай-ақ мұны екіжақты ықпалдастықтың басым бағыты ретінде қарастырамыз» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, аймақ елдері бұрын-соңды болмаған экологиялық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Оны еңсеру үшін үкіметтер мен салалық ведомстволар басшылары деңгейінде жүйелі шаралар қабылдау қажет.

«Осыған орай Экология мәселелері жөніндегі Ресей және Орталық Азия елдерінің министрлер кеңесін бекітуді ұсынамыз. Трансшекаралық өзендер мен Каспий теңізінің жағдайына баса назар аудару керек. Бұл күрделі мәселені шешуге Каспийдің су ресурстарын сақтау бойынша мемлекетаралық бағдарламасын іске асыру ықпал етеді. Су қауіпсіздігінің қазіргі жағдайы да алаңдатпай тұрмайды. Су ресурстары мен ауыл шаруашылығы жерлерінің жай-күйін бақылау, сондай-ақ төтенше жағдайларды болжау үшін жасанды жер серіктерін пайдалана отырып ғарыштық мониторинг бойынша бірлескен бағдарлама жасақтауды және іске асыруды ұсынамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БІРЛІГІМІЗ – ӘРАЛУАНДЫҚТА

Президент сан қырлы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға баса назар аудару керек деп санайды.

«Бұл орайда елдерімізді біріктіретін, жалпы ортақ құндылығымыз саналатын орыс тілінің орны ерекше. Бірлескен күш-жігердің арқасында Халықаралық орыс тілі ұйымын құрғанымыз қуантады. Оның штаб-пәтері Сочи қаласында орналасқан. Ел алдында сөйлеген сөздерімде қазақ жастарының орыс тілін жетік меңгергені маңызды екенін айтып жүрмін. Бірақ бұл талап қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін одан әрі нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстарға кедергі келтірмейді. Құдай берген ана тілдеріміз конституциялық тәртіппен мемлекеттік мәртебеге ие болды. Сондықтан қазақ тіліне бұрынғыдай көңіл бөліне береді. Жастарымыз биліктің қолдауымен екі, тіпті үш-төрт тілді оңай меңгере алатынына сенімдімін. Мұндай мысалдар әлемде аз емес. Анығын айтқанда, Қазақстандағы жағдай осындай. Еліміздің әр азаматы өзіне ыңғайлы тілде сөйлеуге құқылы. Бұл – «Бірлігіміз – әралуандықта» деп аталатын ұлттық саясатымыздың өзегі» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, қауіпсіздікті қамтамасыз ету – маңызды мәселенің бірі. Қазір халықаралық жағдай күрделі әрі сәт сайын құбылып тұр.

«Өзара құрмет пен сенімге негізделген ынтымақтастығымызды жалғастыру барлық сын-қатерді еңсеруге мүмкіндік береді» деді Қазақстан Президенті.

№120 (4864) 11/10/2025 Сенбі



ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ ЫРЫСЫ

Кеше Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда елорданың ең үздік әулеттері, «Еңбек жолы» және «Парыз» конкурстарының жеңімпаздары марапатталды.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Президент тапсырмасымен биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланғаны белгілі. Бастама қоғамда еңбектің, кәсіптің қадір-қасиетін ұлықтауға бағытталған. Еңбек күні мерекесіне орай ұйымдастырылған жиында ел өмірінің негізін құрайтын адал еңбек иелеріне құрмет көрсетілді. Сахна төрінде ардагерлер мен өндіріс озаттарын, тәжірибелі ұстаздар мен жас мамандарды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақынова, Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхан, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден құттықтады.

«Біздің қоғам мен мемлекет үшін ең жоғары құндылық – бұл еңбек адамы. Министрлік қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік кепілдік пен құқығын қорғау бағытында көптеген іс-шараны жүзеге асырып келеді. Бүгінде елордада 700 мыңнан астам маман еңбек етсе, 150 мыңнан астам еңбек ардагері тұрады. Бұл – өзге өңірлерге үлгі» деді салтанатты жиында сөз алған министр С.Жақынова.

Сонымен, «Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша Смағұловтар әулеті (ұстаздар) 3-орынды, Бекжановтар (ұстаздар) әулеті 2-орынды, Бурлиновтар (теміржолшылар) әулеті 1-орынды иеленді. «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» аталымы бойынша Алма Сәулебаева 3-орын, Мұратбек Сыздықов 2-орын, ал Дисембай Шайкенов 1-орын алды. «Өндірістің үздік жас маманы» бойынша өткен конкурс нәтижесінде жас инженер Балнұр Қанатқызы 3-орын, машинист Темірлан Нұрмұхамбетов 2-орын алса, агроном Гүлзия Шәріповаға 1-орын бұйырды. Елордада бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін айғақтайтын «Парыз» конкурсының аясында «Dar rail» кәсіпорны мен Ақмола вагон жөндеу зауыты жеңімпаз атанды. Бұдан бөлек, өз саласында еңбегімен көзге түскен бір топ жұмысшы алғыс хатпен марапатталды.

Айта кеткен жөн, Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіповтің айтуынша, биыл Астанада 68 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Қазіргі таңда қаланың еңбек нарығында 7 мыңнан астам бос жұмыс орны бар. Техникалық мамандықтарға сұраныс жоғары.



АРДАГЕРЛЕР ҚАТАРДАН ҚАЛМАЙДЫ

Халықаралық қарттар күніне арналған мерекелік іс-шара Астана қаласының әкімдігінде өтті. Жиынға жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ұзақ жылдар жұмыс істеген зейнеткерлер қатысты.



Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі жөніндегі комиссия төрағасы Азамат Айтхожин жылы лебізін білдірсе, Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов: «Барлығыңыз елордамыздың дамуына зор үлес қостыңыздар. Біздің ардагерлеріміздің лайықты еңбегін жас ұрпақ бағалауы тиіс. Өйткені үлкенге құрмет болмаса, жастарға да ізет болмайды. Қарттарымыз елорда өміріне белсене қатысады. Көбі Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына келеді. Мұнда келгендердің көңіл күйі көтеріңкі, дені сау болатынын байқадық. Осындай қуанышты сәттеріңіз көп болсын!» деді.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетаевтың айтуынша, зейнеткерлерге барынша қолайлы жағдай жасалған.

«Қаламызда Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылғалы бері зейнеткерлер арасындағы қарым-қатынас нығая түсті. Қазіргі күнде әр ауданда 6 филиалы жұмыс істейді. Күніне шамамен 4000 адам келіп, 20 түрлі қызмет алады. Зейнеткерлер қала басшыларымен жүздесіп, шаһарымызды өркендету, әлеуметтік жағдайды жақсарту бойынша өз ойын айтып, ұсынысын айтуда» деді Мұхтар Еркетаев.

Айта кетейік, әкімдік ардагерлері Астана қаласының әкімі Ж.Қасымбек пен аппарат басшысы Д.Ешкеев тарапынан әрдайым қамқорлық пен қолдауды сезініп жүреді.

ҚАРТТАРҒА ДӘРІС ОҚЫДЫ

Астана қаласы Нұра ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Тәніңдегі үйлесім мен денсаулық» дәрісі оқылып, адам ағзасының ішкі және сыртқы үйлесімі мен жалпы денсаулық арасындағы байланыс туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді.



Шапағат ӘБДІР

Орталық 2024 жылдың наурыз айында ашылғаннан бері зейнет жасындағы тұрғындардың сүйікті орнына айналған. Қазір мұнда 2026 адам тіркеліп, күн сайын 350-400-ге жуық адам белсенді қатысады. Қызмет алушылар үшін оңалту гимнастикасы, скандинавия жүрісі, йога, би, айкуне, цигун, арт-терапия, шахмат және тоғызқұмалақ секілді пайдалы әрі қызықты бағдарламалар ұсынылады, клубтар мен үйірмелер, тоқыма, домбыра, интеллектуалдар клубы, «Ұлағат» бірлестігі, караоке, ағылшын тілі, модельдер және театр үйірмелері жұмыс істейді. Аптасына екі рет кино көрсетіліп, психологиялық кеңестер мен тренингтер ұйымдастырылады.

– Бізге келушілердің жасы ең үлкені – 93 жастағы әжеміз. Ал жуырда 90 жасқа толған атамыздың мерейтойын ерекше атап өттік. Мұндай орта үлкендердің өмірге деген қызығушылығын арттырып, белсенді әрі шат көңіл болуына ықпал етеді, – дейді Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы Нұра ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Мұрат Темірболатов.

Зейнеткерлер бос уақытын мазмұнды өткізуге, денсаулығын жақсартып, өмірге деген құлшынысын арттыруға бұл орталықтың ерекше үлесі зор екенін атап өтіп, алғысын жеткізді.

ҚЫРҒАУЫЛ ҚАНАТ ҚАҚТЫ

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «Jaryq aq-jol» ЖШС, «Астана орманы» ЖШС, «Астана ветсервис» ШЖҚ КМК және Ақмола облысы Орман және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясымен бірлесіп, елорданың санитариялық-қорғау жасыл аймағына 325 Жетісу қырғауылын жіберді. Іс-шараға Астана қаласы мәслихатының депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.

«Біз бұл алқапқа осымен екінші мәрте қырғауыл жіберіп отырмыз. Бірінші кезекте 850 құс биыл сәуір айында жіберілген еді. Жыл сайын елорданың санитариялық-қорғау жасыл аймағына шамамен 1500 қырғауыл жіберіледі. Бұл құстардың мекендеу аясын кеңейтуге, жаңа аумақтарды қоныстандыру арқылы жасанды орман алқабындағы зиянкестерге қарсы биологиялық күрес жүргізуге ықпал етеді. Яғни қырғауылдарды жасанды орманға жіберу ондағы зиянды жәндіктердің санын азайтуға септігін тигізеді» деді Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы көгалдандыру және табиғатты пайдалану бөлімінің басшысы Сағыныш Сағынтаев.

Оның айтуынша, елорданың жасыл белдеу аймағындағы жасыл желек, қамыс бұталар, жайылымдар және дәнді дақылдардың агроценозы қырғауылдардың тіршілік етуіне қолайлы.

– Қырғауыл аязға төзімді, оларға ерекше күтім қажет емес, тек қыста азықтандыру қажет. Ал қорегі, негізінен, өсімдіктер, жидектер, тамырлар, жәндіктер. Қырғауылдар елорданың санитариялық-қорғау жасыл аймағында орналасқан фазанарийде өседі. Құстарға үнемі бақылау жасалып, қадағалау жүргізіледі, – деді Сағыныш Сағынтаев.



№120 (4864) 11/10/2025 Сенбі

ЦИФРЛАНДЫРУ ҮДЕРІСІ – КЕЛЕШЕККЕ ЖОЛ

Жолдаудың бастапқы тұсында әлемдік құбылыстар, ішкі-сыртқы саясаттағы әр қилы ахуал, жаңа тарихи дәуірге қадам басқан адамзаттың даму үрдістері, көзқарастар қайшылығы, ұстанным жүйесі, бағыт-бағдары баяндалады. Адамзат қоғамындағы мазасыз шақ, алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы кереғар жайттар, күрделі де қайшылықты қақтығыстар мәні айқындалады. Ішкі-сыртқы саясаттағы көпқабатты құбылыстар, әлем экономикасындағы тұрақсыз да теңсіздіктер, жасанды интеллект негізіндегі теңдессіз табыстар, экологиялық және техногендік апаттар салдары, этносаралық-дінаралық үйлесім мен мәдени әралуандылық, адам саудасы, қару-жарақ пен есірткі саудасы, көші-қон дағдарысы, әсіре ұлтшылдық бағыттардың қырлы-сырлы тұстарына назар аударылады.

Бұдан кейінгі жерде Қазақстанның әлем қауымдастығындағы орын-үлесі, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайы алыс-жақын елдер тәжірибесі негізінде бірқатар салыстыру-талдау арқылы дамып, маңызы мен ерекшелігі кеңінен қозғалады. Ондағы ауқымды да іргелі реформалар, халықтың әл-ауқатын және әлеуетін арттыру бағытындағы стратегиялық мақсаттар, игілікті істер, игілікті қадамдар хақында кемел де келелі ойлар қозғалады. Оның басты һәм басым бағыттары хақында Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болу керектігіне мықтап табан тірейді. Мұның мәні: жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу негізінде ел дамуын, оның экономикасын жаңғырту ісі көзделеді. Бұл бағытта, алдымен, Цифрлы кодекс қабылданады. Заң аясында цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары айқындалып, оның құрамдас бөліктері – жасанды интеллект, платформалық экономика, бірқатар дерекқор көзі, өзге де өзекті мәселелердің қамтылу жайы көзделеді. Мемлекеттің басқару жүйесі, азаматтар мүддесі де осы бағытта өріс алады. Бастысы, осы бағытты жүзеге асыру Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылатындығымен айқындалады.

Жолдауда бірқатар өзекті мәселеге басымдық беріледі. Оның алғашқысы – елімізге қомақты инвестиция тарту. Бұл бағыт дамыған елдерде бастапқы орынға ие болған-ды. Демек, жаңа инвестициялық кезең тұсында өндеу саласына, маңызды жобалар мен бизнес бастамаларына басымдық беру көзделген. Цифрлы теңгенің енгізілуіне, криптоактивтерге, цифрлы қаржы жүйесіне, құзырлы органдар құрылымын жетілдіруге, арнайы экономикалық аймақтарға маңыз беріліп, ол негізінен ел дамуына сүбелі үлес қосуымен байланысады. Осының негізінде киберқылмыстардың алдын алуға, онлайн-алаяқтық, қаржылық қауіпсіздіктің мәнін айқындап, қоғамның, азаматтардың жауапкершілігін арттыруға да назар аударылады.



> Ел мүддесі мен мұраты һәм міндеттері қашанда маңызды. Бағыттары бір, ортақ тұстары, тағылымы да мол. Арнаулы әдебиет пен оқу құралдарында да кең орын алған-ды. Бұдан бөлек, әсіресе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында ел мүддесі мен мұраты һәм міндеттері, оны жүзеге асыру жолдары кең көлемде қарастырылады.

Бұдан бөлек, өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беру, ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру, көлік-логистиканы одан әрі дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен су инфрақұрылымын жаңғырту бағыттарына жіті ден қойылады. Сондай-ақ тау-кен металлургиясына, қуат көздерін арттыру ісіне, ілеспе газ бен сұйытылған мұнай газын қажетке жарату, көмір энергетикасын ел игілігіне айналдыру, геологиялық барлау жұмыстарын күшейтіп, жер қойнауының заманауи картасын жасау, агроөнеркәсіптің әлеуетін толық ашу, агрохабтар мен логистика орталығын дамыту, азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін азайту жайы да қозғалады. Сонымен бірге жер қатынастарын реттеп, игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтару, еліміздің транзит әлеуетін көтеру, әуемен және контейнерлермен жүк тасымалдау, туризм және кадр ісіне тың серпін беру ісі кеңінен көзделеді. Құрылыс және Су кодексінің маңызды фактор екені аталып өтеді. Тазалық мәдениетін қалыптастыру ісінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасын жан-жақты дамытуға, бұл істің кең өріс алуына мән беріледі.

Адам капиталы қоғамның басты қозғаушы күші ретінде аталып, білім беру ісінің маңызы айқындалады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясындағы мектеп құрылысы, AI-Sana бағдарламасы, жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама мен оқу материалын дайындау, ұстаздардың оны меңгеру дағдысын қалыптастыру ісін жүзеге асыру кең түрде көзделеді. Қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеу ісі алға қойылады. Мұның мәнісі мынада: аталған платформа ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен кең түрде қамтамасыз етіп, олардың да қаладағыдай білім алып, жан-жақты жетіліп, іргелі ізденістеріне мол мүмкіндік, кең өріс береді.

Сонымен бірге білім экономикасының маңызына кең орын беріліп, бұл бағытта білім, ғылым һәм инновация салаларын басқару жүйесіне көп көңіл бөлінеді. Жаңа патенттер, технологиялар мен өндірістер жүйесі нақты нәтижеге жұмыс жасайтыны аталып өтеді. Маңыздысы, әрине, жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын университеттерге көбірек дербестік беру, дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдау қажеттілігі де негізгі назарға алынады. Бұдан басқа, білікті мамандарды елге қайтару, мықты мамандарды ұлтына қарамай тарту, кадр тапшылығын жою бағытында көші-қон саясатын қайта қарау, техникалық бағыттағы мамандықтарды меңгерген өз ісінің шеберлерін тиісінше қолдап, тиімді де тиісті жағдайлар жасау қажеттілігі қозғалады. «Жұмысшы мамандықтары жылы» еңбек адамына құрметті арттырып, лайықты жалақы беріп, қоғамның белсенді мүшесі ету жайы қозғалады. Азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру, елдегі демографиялық үрдісті зерделеу, денсаулық жүйесін дамыту, мәдениет пен өнердің дамуын қамтамасыз ету, бұқаралық спорт пен футбол клубтарының кең өріс алуына жағдай жасау ісі де кеңінен қозғалады.

Маңыздысы, Қазақстанды одан әрі қарқынды дамыту бағытында жасанды интеллект пен жаппай цифрландыру ісін еліміздің барлық саласына ендіру, әрбір азамат мемлекетшіл, отаншыл болу, тәрбие мен тәлім – отан мен отбасында басымдық алу жайы – ел дамуының жемісті, нақты көрсеткіші екені байыпты баяндалады. Бастысы, жаңа саяси реформа туралы да тиісті тұста айтылады. Бұл ретте алдымен парламенттік реформа мәні мен қажеттілігі қозғалады. Әділетті Қазақстан құру ісінде бір палаталы Парламенттің маңызы зор екеніне мән беріліп, оның өзі қазіргі кезеңде қажеттілік екені әр қырынан қарастырылып, кеңінен сөз етіледі. Ел мүддесі мен жауапкершілік жүгі мол игілікті іс екені де кең түрде айтылады. Жалпыұлттық референдум өтіп, Парламент партиялық тізім бойынша сайланатыны атап көрсетіледі. Парламенттік реформа ел дамуы жолындағы жарқын да жасампаз қадам екеніне маңыз беріледі. Демек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында ел мүддесі мен жауапкершілік жүгі алға шығып, болашақ бағдары айқындалады.

ЗАҢ АЯСЫНДА ЦИФРЛАНДЫРУ ҮДЕРІСІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛЫП, ОНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ, ПЛАТФОРМАЛЫҚ ЭКОНОМИКА, БІРҚАТАР ДЕРЕККӨР КӨЗІ, ӨЗГЕ ДЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ҚАМТЫЛУ ЖАЙЫ КӨЗДЕЛЕДІ. МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ, АЗАМАТТАР МҮДДЕСІ ДЕ ОСЫ БАҒЫТТА ӨРІС АЛАДЫ

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
профессор

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІ

Елордада Social Innovation Hub орталығында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға және өңірлердегі әлеуметтік бизнесті қолдаудың жаңа тәсілдеріне арналған воркшоп өтті. Іс-шара Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен құрылған Орталық Азиядағы әлеуметтік кәсіпкерлерді біріктіретін бірегей кеңістік – Social Innovation Hub-та ұйымдастырылды.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиынға кәсіпкерлік басқармаларының басшылары, Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін қалыптастыру жөніндегі арнайы комиссиялардың хатшылары, сондай-ақ өңірлік ӘКК басшылары қатысты. Воркшопта Мәжіліс депутаты, ҚР Президенті жанындағы халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтары бойынша уәкіл Кенжеғұл Сейітжан, Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының президенті Гүлмира Пармышева, Астана қаласы Кәсіпкерлікті дамыту және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Сапаров сөз сөйлеп, елімізде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға қандай жағдай жасалып жатқанын баяндады.

– Кәсіпкерлік туралы кодексте әлеуметтік кәсіпкерлікті енгізгеннен бастап Астана қаласының әкімдігі тарапынан қолдау көп көрсетіліп келеді. Атап айтсақ, бүгінге дейін әкімдіктен 58 әлеуметтік кәсіпкерге қайтарымсыз грант, 28 кәсіпкерге «Даму» қоры арқылы төмендетілген пайызбен несие, 19 кәсіпкерге Әлеуметтік кәсіпкерлік қауымдастығы арқылы тұрғын үй емес осындай ғимараттар төмен бағада жалға берілді. Әлеуметтік кәсіпкерлерді ақпараттық қолдау шаралары қарқынды жүргізілуде. Себебі әлеуметтік кәсіпкерлердің жалпы кәсіпкерлік саласындағы рөлі жоғары. Біз отырған хаб та сол жұмыстың жемісі, соның арқасында Орта Азияда бірінші болып Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау хабы пайда болды. Бұл жерде арнайы мәжіліс залы, шоу-рум, әлеуметтік кофехана, фотостудия, коворкинг алаңы және тағы басқа залдар бар. Мұнда тек елорданың ғана емес, өңірлердің әлеуметтік кәсіпкерлері мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алуға, білімін арттыруға емін-еркін келе алады, – деді Қ.Сапаров.



Еске салайық, бүгінде Қазақстанда 1520 әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі болса, соның ішінде ең көбі, яғни 268-і Астанада орналасқан.





АСТАНА – МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

Елордада «Инновациялар мен технологиялар: Астана азаматтық сектордың болашағы» тақырыбында XII Азаматтық форум өтті. Форумға ҚР мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова, Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов, Қазақстан Азаматтық Альянсының Президенті Бану Нұрғазиева және Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, ашық та шынайы диалог – еліміздің тұрақтылығы мен дамуының басты кепілі. Биыл еліміз үшін ерекше мәні бар маңызды мерекелер Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығын атап өтеміз. Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіту, мемлекетіміздің дамуына өз үлесін қосу жолында азаматтық сектордың рөлі айрықша. Қала өмірін жақсартуға жан-жақты үлес қосып жүрген мыңдаған белсенді азаматтың еңбегі – еліміздің жарқын болашағына бағытталған ортақ күшіміздің айқын көрінісі, – деді Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов.

Сонымен қатар ол бүгінде Астанада 3 мыңнан аса үкіметтік емес ұйым тіркелгенін, соңғы жылдары үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік аясында шамамен 100 әлеуметтік жоба жүзеге асырылып, екі мыңнан аса қоғамдық маңызды іс-шара өткізілгенін атап өтті.

– Бұл іс-шараларға елорданың екі жүз мыңнан аса тұрғыны қатысты. Бұл жобалар жай ғана сандар мен есептер емес. Олардың артында қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған нақты жұмыстары жатыр, бұл – қиын жағдайға тап болған отбасыларға көмек көрсету, мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау, жастарды белсенділікке тарту және азаматтық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Осы бағыттардың ішінде жастар саясаты ерекше орын алады. Бүгінде Астана – жастар үшін шексіз мүмкіндіктер қаласы. Үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан «Joltap» жобасы жастарды цифрлық және еңбекке қатысты кәсіби дағдыларға үйретсе, «Замандас» жобасы жастарға тәлімгерлер мен психологтардың қолдауын ұсынады, – деді Нұрдәулет Әлмұханов.

Сондай-ақ басқарма басшысы елордада 10 аула клубы жұмыс істейтінін, ал «Жасыл ел» бағдарламасы экологиялық акцияларға қатысқан 5 мыңнан аса жастың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз еткенін айтты.

– Экология мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Қоғамдық ұйымдар мен еріктілердің қатысуымен қалада кең көлемді көгалдандыру және абаттандыру акциялары жүргізілуде. Сонымен қатар «Таза Қазақстан», «Заң және тәртіп», «Еңбек адамы» секілді идеологиялық бағыттардың насихатталуына да басымдық беріледі. Бұл бағыттар өскелең ұрпақта жауапкершілік сезімін, еңбекке құрметті және қоршаған ортаны ұқыпты сақтау мәдениетін қалыптастырады, – деді ол.

Спикердің сөзінше, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты нығайтуда Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің рөлі ерекше. Қоғамдық кеңес бастамаларды талқылау, ұсыныстар әзірлеу және қоғамдық маңызы бар шешімдерді ілгерілету үшін ашық алаң болып саналады.

– Бүгінде азаматтық сектор ел дамуының маңызды серіктесіне айналды. Сіздердің белсенділіктеріңіздің арқасында Астана заманауи мүмкіндіктері мол, сонымен қатар жылулық пен мейірім сезілетін қала болып қалыптасуда. Ең бастысы – сенім мен ашықтықты сақтап, барлығымызды біріктіретін ортақ мақсатта қоғам игілігі үшін жұмыс істеу. Баршаңызға белсенді еңбектеріңіз үшін алғысымды білдіремін, – деді Нұрдәулет Әлмұханов.

Форумда сөйлеген спикерлердің бірі Yandex Kazakhstan компаниясының GR директоры, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Мейірбек Мұқатов елордада ЖИ арқылы қаладағы көшелерге есімі берілген тарихи тұлғалардың өздері жайлы айтатын бейнежазбасын көрсетуге болатынын айтты.

«Қаладағы тарихи тұлғалардың есімімен аталатын көшелердің тақтайшаларына қойылатын QR код арқылы сол көшеге аты берілген тұлғаның өзі жайлы өз даусымен айтқан бейнежазбаларын көруге болады. Бұл бейнежазбалар жасанды интелект арқылы жасалады. Пилоттық жоба әзірге Алматы қаласында енгізілді. Алдағы уақытта осы жобаны Астанада да іске асырсақ деп жоспарлап отырмыз. Бұл туралы жергілікті атқарушы билікпен келіссөздер жүргізілетін болады» деді Мейірбек Мұқатов.

АДАМЗАТ ТАРИХЫ МИФТЕН БАСТАЛАДЫ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының бастамасымен жүзеге асып келе жатқан «Қаламгер ұстаханасы» жобасының кезекті қонағы ақын, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жанат Әскербекқызы болды.

Шапағат ӘБДІР



Кездесуде ол «Көркем шығармашылықтағы миф және мифопоэтика» тақырыбында дәріс оқып, тыңдаушыларға адамзат мәдениетінің соның тарих қатпарында қалған мифтік сананың көркем шығармашылықтағы орны мен мәнін кеңінен түсіндірді.

Лекция барысында ақын миф ұғымының тарихи және философиялық маңызын, адамзат өркениетінің дамуы барысындағы рөлін жан-жақты талдап берді.

«Адамзат дамуының қай дәуірде, қай кезеңде нақты «көркем сөз» деген ұғым қалыптасқанын біз дөп басып айта алмаймыз. Бірақ ежелгі дәуірлерден тасқа қашалған таңбалар мен кейінгі жазбалар, ауыз әдебиет үлгілері соның бастауы болғаны анық» деді ол.

Жанат Әскербекқызының айтуынша, миф – бұл тек қиялдан туған әңгіме немесе ойдан шығарылған дүние емес, ол адамзат санасының ең алғашқы шығармашылық көрінісі.

«Ғалымдар мифті ең алғашқы көркем ойлаудың формасы дейді. Ал американдық жазушы әрі журналист Торнтон Уайлдер «Миф – өз тарихын сан ғасырлар бойы әңгімелеген халықтың арманшыл жаны» деп сипаттайды». Міне, бұл мифке берілген дәл бағам деп атап өтті.

Сондай-ақ ақын мифологияның философиялық және жаратылыстық негізіне де тоқталды. Оның айтуынша, дүниенің дамуында қарама-қарсылықтар мен олардың өзара күресі үлкен рөл атқарады. Бұдан бөлек, ол хаос пен космос ұғымдарының мифологиялық маңызын да түсіндірді.

Жанат Әскербекқызы мысыр, үнді және грек мифологиясына тоқталып, олардың адамзат дүниетанымының қалыптасуына ықпалын атап өтті. Мысыр мифологиясының ерекшелігіне тоқтала келе: «Көптеген халықтардың мифінде аспан – ер адам, ал жер – әйел адам ретінде сипатталса, мысыр мифологиясында керісінше жер – аталық, аспан – аналық сипатта беріледі. Бұл – дүниетанымдағы ерекше көзқарас, табиғат пен адам арасындағы байланыстың өзгеше көрінісі» деді ол.

Сонымен қатар ақын түс жору жөніндегі мифологиялық ұғымдарға да назар аударды. Дәріс соңында шығармашылық еркіндік, рухани ізденіс және халық жадындағы мифтік бейнелердің қазіргі әдебиеттегі көрінісі жайында ой бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

БІЗ НЕГЕ КЕШІГІП ЖҮРЕМІЗ?

(Нобель алған соң ғана қаламгермен танысқаннан не пайда?)

Шапағат ӘБДІР

Биылғы Нобель әдеби сыйлығы венгр жазушысы Ласло Краснахоркаиға берілді деген жаңалық шыға салысымен қазақ оқырмандары «Бұл кім өзі?» деп таңырқап, интернеттен ол жайлы дерек іздей бастады.

Сөйтсек, оның кітаптары әлдеқашан ағылшын, неміс, француз, жапон, қытай, орыс сияқты әлем тілдеріне аударылған екен. Оқырмандарына да жақыннан таныс. Ал біз оны Нобель алғасын танидық.

Неге біз бір авторды тек Нобель алған соң ғана танимыз?

Неге әлем мойындап Нобелін беріп болғасын біз мойындауымыз керек?



Неге сол автордың кітабы бізге дейін жапон оқырманына, қытай сыншысына, француз баспасына жетіп үлгереді де, бізге жолы кеш түседі? Бұл жай ғана ақпараттың кешеуілдеуі емес. Жалпы оқырманның оның ішінде біздің жазушыларымыздың артта қалып жатқандығының бір себебі де осында.

Бұл Қазақстанда әлем әдебиетін қазақ тіліне аудару ісі өте баяу және жүйесіз жүретіндігін көрсетеді.

Бұл – оқырман мен баспа ісінің, жалпы мәдени саясаттың өте баяу шылаушыннан да жансыз жүріп жатқандығының көрінісі.

Ал әлемге белгілі жазушыны Нобель алғасын барып біздің тануымыз бізді үнемі ақпараттан кешіктіріп, әдеби ағымның шетінде қалдырып отыр.

Бір-ақ ауыз сөзбен айтқанда, Қазақстанда шетел әдебиетін аудару, әсіресе заманауи жазушыларды аудару ісі көп жағдайда жеке бастама деңгейінде ғана қалып отыр. Жүйелі қолдау жоқ, әдеби аударма мектептері әлсіз, мамандар аз. Кәсіби аудармашылар шетел тілдерінен, әсіресе қытай, неміс тілдерінен қазақшаға тікелей аударуға мүмкіндік ала бермейді. Оның орнына көбіне орыс тілі арқылы аударылады, бұл – өз алдына бөлек мәселе. Ал кітап баспалары үшін заманауи жазушылардың кім екенін анықтап, оны қазақшаға сапалы аудару – уақыт, еңбек және қаржы талап ететін күрделі процесс. Сондықтан олар кепілді сұранысы бар классиктерге немесе атағы шыққан авторларға ғана жүгінеді. Мұны ретке келтіретін кез келді деп ойлаймын.



№120 (4864) 11/10/2025 Сенбі



ӘМСҚ – ҚОҒАМДЫҚ ӨЗАРА КӨМЕК МОДЕЛІ

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Астана қалалық филиалының директоры Гүлжан Шайхыбековамен отандық сақтандыру жүйесіндегі реформалар мен жаңашылдықтар, медициналық қызметтің халыққа қолжетімділігі мен ӘМСҚ-ның бүгінгі таңдағы қызметіндегі өзгерістер туралы кеңірек сұхбаттасқан едік.

– Гүлжан Тұрарқызы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 9 қыркүйектегі халыққа Жолдауында жасанды интеллект технологиясын қолданып, медициналық қызметтердің сапасына және көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалыптастыруға Үкіметке тапсырма берді. Қазіргі кезде ӘМСҚ медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне қалай мониторинг жүргізеді? Сіздің ойыңызша, мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалай қалыптасады?

– Бүгінде жасанды интеллект арқылы біз медициналық көмек көрсетудің 14 стандартын іске қостық. Сондай-ақ жасанды интеллект арқылы 350 ақаулар мен тәртіп бұзуларды анықтау алгоритмдерін жүзеге асырдық. Бұл ретте ЖИ 45 алгоритмді дербес әзірледі, олар қазір сынақтан өтуде. Бұл жұмысты әрі қарай дамыту үшін медициналық көмек стандарттары мен клиникалық хаттамаларды жаңарту және цифрландыру көзделіп отыр. Әрине, бұл жұмыстарды медициналық қауымдастықпен бірігіп жасаған жөн деп ойлаймын. Әрине, қазір ЖИ алгоритмі қолға алынып жатқан салалар бар. Бұл әртүрлі қызметтердің спецификалық ерекшеліктерін толығырақ зерттеуді талап етеді. Бүкіл әлемде медициналық қызметтер мен шығындар көлемінің, технологиялық жетістіктердің және ақпарат көлемінің өсуіне байланысты денсаулық сақтау процестерін автоматтандыру негізгі басымдыққа айналуда.

– Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында: «Бюджет қаржысы шектеулі кезде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры іс жүзінде бюджетті реттеуші рөлін атқарып отыр. Қор дайын өнім жеткізетін кәсіпорындарға бақылауды күшейткеннің арқасында шығынды көбейтпей ұстап отыр» дей келе МӘМС-тің тиімділігі мен өміршеңдігін атап өтті. Осы орайда Қордың жұмысы, бақылау тетіктері, реттеушілік функциясы туралы кеңірек әңгімелеп берсеңіз.

– Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСҚ) бүгінде Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіндегі маңызды қаржылық институт болып отыр. Президент атап өткендей, бюджет мүмкіндігі шектеулі жағдайда Қор шығындарды арттырмай, тиімділікті сақтап, жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етіп келеді. Мұны бірнеше мысалдармен түсіндіруге болады. Мысалы, Қордың негізгі қызметін алайық. ӘМСҚ – мемлекет пен азаматтар арасындағы қаржылық дәнекер. Яғни, ол азаматтар мен жұмыс берушілердің жарналарын жинап, сол қаражат есебінен халыққа көрсетілетін медициналық қызметтерді сатып алады. Бұрын бұл функциялар тікелей мемлекетке тиесілі болса, қазір Қор сатып алу және мониторинг жүйесін нарықтық принциптерге жақындатты: тиімді жұмыс істейтін емханалар мен ауруханалар көбірек тапсырыс беруді қолға алып отыр. Екінші мысал – бақылау және мониторинг тетіктері. Қор қызмет көрсетуші медициналық ұйымдарға тек қаржы бөлумен шектелмейді, сонымен қатар: көрсетілген қызметтердің сапасын тексереді; әрбір қызметтің нақты көлемі мен құнына мониторинг жүргізеді; емдом алушылардың шағымдарын талдайды және кері байланыс орнатады; жалған немесе негізсіз көрсетілген қызметтерді анықтап, қаржыны кері қайтарады. Мысалы, Қор ақпараттық жүйелер арқылы емханалардың нақты көрсеткіштерін (қабылданған науқастар, қойылған диагноздар, емдеу көлемі) онлайн бақылай алады. Реттеушілік функцияны Денсаулық сақтау министрлігі атқарады. Сонымен қатар, Қор іс жүзінде денсаулық сақтау саласының қаржылық реттеуіш құралдарының бірі екенін айтуымыз керек. Ол медициналық ұйымдарға Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шарттарын белгілейді; саладағы бәсекелестікті арттыруға ықпал етеді; қызмет сапасына қарай төлем жүйесін енгізеді. Осы арқылы бюджет шығынын көбейтпей, бірақ қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді деген мақсатымыз бар. Соның нәтижесінде тиімсіз шығындар қысқарып, медициналық қызметтердің ашықтығы артып, азаматтардың сақтандыру арқылы сапалы қызметке қол жеткізу мүмкіндігі кеңейді. Қорытындылай айтқанда, ӘМСҚ бүгінде тек қаржы бөлетін құрылым емес, ол саладағы қаржының тиімді айналымын қамтамасыз ететін, сапаны реттейтін және азаматтардың құқықтарын қорғайтын стратегиялық институт деңгейіне көтерілді.

– Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова МӘМС жүйесі іске қосылғаннан кейін саланы қаржыландырудың орташа жылдық өсімінің қарқыны 2 еседен астам ұлғайып, 23.8 пайызды құрағанын мәлімдеді. Министр 2027 жылға қарай МӘМС қаражаты медицина саласының шығыстарын негізінен қаржыландыратын жиынтық көзге айналатынын айтты. Бұл қарапайым халық үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және медициналық қызметкерлерінің еңбек жағдайларын жақсартуға мүмкіндік беретініне тоқталды. Айтыңызшы, қарапайым халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігі артқанын неден көруге болады? Нақты мысалдар келтірсеңіз.

– МӘМС жүйесі іске қосылғалы халыққа медициналық қызметтің қолжетімділігі нақты артты. Біріншіден, бүгінде тұрғындардың 84 пайыздан астамы сақтандырылған және бұрын ақылы болған КТ, МРТ, стоматология, қымбат жоғары технологиялық қызметтерді тегін ала алады. Екіншіден, МӘМС-тің қаражаты көбеюіне байланысты медициналық көмек көрсетушілердің саны артып келеді (өңірлерде жаңа медициналық техника сатып алынып, ауылдық емханаларда диагностика қолжетімді болды). Олардың деңгейінің өсуі медициналық көмекті халыққа жақындата түсті. Үшіншіден, цифрландырудың нәтижесінде дәрігердің қабылдауына жазылу мен жолдама алу жеңілдеп, кезек күту уақыты қысқарды. Нәтижесінде қарапайым азамат сапалы медициналық көмекке бұрынғыдан әлдеқайда оңай қол жеткізеді. МӘМС жүйесінде халық үшін қолжетімді болған ең қарапайым мүмкіндіктерге мысал келтірейін. МӘМС жүйесінің басты артықшылығы – ай сайынғы шағын жарналар арқылы қымбат емді тегін алу мүмкіндігі. Созылмалы аурулары бар азаматтар (гипертония, диабет, демікпе және т.б.) дәрігердің тұрақты бақылауында болып, тегін тексерістен өтіп, емделеді. Ал жедел көмек қажет болған жағдайларда (инфаркт, инсульт, операция қажет болғанда) – қымбат ем мен оңалту да МӘМС есебінен тегін көрсетіледі. Яғни, ай сайын аз ғана жарна төлей отырып, адам өз денсаулығын қаржылай кепілдендіріп, керек кезде сапалы медициналық көмекке ақысыз қол жеткізеді. Яғни, қарапайым тілмен айтқанда, МӘМС-тің арқасында «ауырып қалсам, бәрі ақылы» деген қорқыныш азайды.

– Ақмарал Әлназарова МӘМС жүйесінің негізгі жетістігі – «табысты адамның осал топқа жәрдемі» қағидатының сәтті іске асырылғанын қадап айтты. Осы формуланы қарапайым тілмен түсіндіріп берсеңіз. Президенттің Жолдауында халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына қолдау көрсету туралы ашық айтылды. Осы бағыттағы Қордың жұмысы қалай жүргізіледі?

– «Табысты адамның осал топқа жәрдемі» қағидаты – МӘМС жүйесінің әлеуметтік өзегін көрсететін басты ұстаным. Қарапайым тілмен айтқанда, жұмыс істейтін, табысы бар азаматтар төлейтін жарналар есебінен мемлекет әлеуметтік тұрғыдан осал топтардың (зейнеткерлер, көпбалалы аналар, мүгедектер, студенттер, балалар және т.б.) медициналық сақтандыруын өз мойнына алады. Мысалы, сіз ресми жұмыс істейсіз және ай сайын табысыңыздан МӘМС жарнасын төлейсіз. Сол қаражат тек сіздің емес, сақтандыру жүйесіне қатысқан бүкіл қоғамның денсаулығына жұмсалады. Ал өз бетімен табыс таба алмайтын адамдар үшін төлемді мемлекет өзі аударады. Нәтижесінде, бәріне тең мүмкіндік беріледі – адам табысына қарамастан бірдей сападағы медициналық көмек ала алады. Бұл мәліметтер МӘМС жүйесінің әлеуметтік теңдік қағидатының нақты іске асқанын көрсетеді. 2024 жылы Астана қаласы бойынша барлығы 983 мың адам медициналық көмек алған, соның ішінде негізгі үлес – әлеуметтік осал топтарға тиесілі. Жеңілдігі бар 15 санатқа кіретін 753 мың адам (зейнеткерлер, балалар, көпбалалы аналар, студенттер және т.б.) үшін ӘМСҚ 105 млрд теңге төлеген. Бұл – жалпы соманың шамамен 76 пайызы, яғни қаражаттың басым бөлігі осал топтарға бағытталған. Жұмыс істейтін азаматтар (156 мың адам) үшін жұмыс берушілердің жарналары есебінен 19,3 млрд теңге төленген. Жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшартпен (ГПХ) жұмыс істейтіндер – 51 мың адам, 7 млрд теңге. Өзінөзі сақтандырған азаматтар – 23 мың адам, 6,2 млрд теңге. Қысқаша айтқанда, бұл жүйе – қоғамдық өзара көмек моделі.

– Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет отырысында 2026 жылдан бастап тұрмысы төмен азаматтар жергілікті бюджеттер есебінен медициналық сақтандыру жүйесінен көмек алатынын мәлім етті. Бұл көмекті қанша адам, қалай алады және кімдер алады?

– Бұл жаңалық – әлеуметтік әділдік пен қолжетімді медициналық көмекті күшейтуге бағытталған маңызды қадам. Үкімет басшысы Олжас Бектенов айтқандай, 2026 жылдан бастап тұрмысы төмен азаматтардың МӘМС жүйесіндегі жарналары жергілікті бюджет есебінен төленеді. Бұл көмек тұрмысы нашар, яғни табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға бағытталады. Олардың қатарына: ресми табысы жоқ немесе табысы төмен отбасылар; уақытша жұмыссыз немесе қиын өмірлік жағдайда қалған адамдар кіреді. Мұндай азаматтар үшін МӘМС жарнасын жергілікті әкімдіктер өз бюджеті есебінен төлейді. Азаматтың мәртебесі әлеуметтік қорғау органдары арқылы анықталады, яғни, ол шынымен де тұрмысы төмен санатқа жататыны тексеріледі. Осылайша, ол адам сақтандырылған болып есептеледі және МӘМС аясындағы барлық тегін медициналық қызметтерге толық қол жеткізеді. Д және Е санаттағы адам саны 50 мың болса 25-30 мың адам медициналық көмекке жүгінеді. Тек медициналық көмекке жүгінген азаматтар үшін әкімдік жарна төлейді. Осы азаматтардың тең дәрежеде медициналық көмек алуға мүмкіндігі бар. Яғни, ешкім табысының аздығынан сапалы емнен айырылмайды – бұл «Әділетті Қазақстан» қағидатының нақты іске асуы.

– Астана қаласында МӘМС жүйесінде сақтандырылған қанша адам бар және қанша адам осы жүйеге кірмей отыр? Әр адамға ай сайын қанша жарна төленеді?


– 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Астана қаласының сақтандырылмаған тұрғындарының саны 240 мың адамды құрайды. Айына 4250 теңге немесе жылына 51 000 теңге төлеп, сақтандыру мәртебесін алады.

– 2026 жылдан бастап медициналық көмектің екі пакеті – Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен МӘМС пакеті біртіндеп бірыңғай медициналық көмек пакеті ретінде біріктірілетіні мәлім. Бұл өзгерістің тиімділігі неде?

– Өте орынды сұрақ. 2026 жылдан бастап Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеттерін біріктірудің басты мақсаты – жүйені жеңілдету және азаматтарға медициналық көмекті барынша қолжетімді ету. Мұндай біріктірудің негізгі тиімділіктері көп. Біріншіден, халық үшін түсінікті әрі ыңғайлы жүйе құрылады. Қазір екі пакет бар: бірінде – шұғыл және әлеуметтік маңызы бар көмек, екіншісінде – жоспарлы және кеңейтілген қызметтер. Көпшілік қайсысына не кіреді, қалай пайдалану керек екенін түсінбей жатады. Бірыңғай пакет енгізілсе, азамат «сақтандырылғанмын ба, жоқ па?» деп алаңдамай, барлық негізгі медициналық көмекті бір жүйе арқылы алады. Екіншіден, қаржыны тиімді бөлу. Біртұтас пакет денсаулық сақтау саласында қаржының бөлінуін оңтайландырады, яғни қайталанатын әкімшілік шығындар азаяды. Бұл – бірдей қызметтерге екі бөлек көзден қаржы жұмсамауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, әлеуметтік теңдікті күшейту. Жаңа модель бойынша, халық табысына немесе мәртебесіне қарамастан, барлығы негізгі медициналық қызметтерге тең қолжетімділікке ие болады. Бұл, әсіресе, ауыл тұрғындары мен әлеуметтік осал топтарға тиімді. Төртіншісі, басқару мен бақылаудың жеңілдеуі.

Қазір екі пакет бойынша есеп жүргізу, мониторинг және бақылау бөлек жүйелермен іске асады. Біріктірілген жүйе бұл процесті қарапайым әрі ашық етеді. Қысқаша айтқанда, бірыңғай медициналық көмек пакеті – бұл азамат үшін «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін, түсінікті, тең және тиімді жүйе. Яғни, кім болса да, қай жерде тұрса да, қажетті ем-дом мен көмекке еркін қол жеткізе алады.

Сұхбаттасқан
Төлен ТІЛЕУБАЙ





«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

2009-2010 ЖЖ.

ТІЛДІҢ ТАРИХҚА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ МОЙЫНДАЛҒАН ЖОҚ

ХАНДАР ТӨРГЕ ШЫҚҚАН КҮН

1 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Астана саммитін ашты. Саммитке барлық құрлықтан 75 елдің делегациясы қатысты.





АМЕРИКАҒА АУРУ БАЛАЛАР НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Балалар құқығын қорғау комитетінің төрағасы Жұмажан Жүкенов «Шетелдіктер асырап алған балалардың 90 пайызы – дене және психикалық жағынан жетілмеген, тұқым қуалайтын ауруға шалдыққандар» деп мәлімдеді.

Біз білетін кез келген елдің заңы бойынша, адам ауру болсын, сау болсын, өзі туған мемлекеттің азаматы болып саналады. Ата Заңымызда да азаматтардың құқығы заң жүзінде қорғалады... Ендеше біздің «шетелдіктерге тек қана ауру балаларымыз беріліп жатыр» деп даңдайсығанымызға не жорық? «Сен ауру болып тудың екен» деп, қамқорсыз баланы туған Отанынан аластатуға кімнің хақысы бар?

Нәзира БАЙЫРБЕК
16 сәуір

ри-теңіз күштері, сондай-ақ Ішкі істер және Төтенше жағдайлар министрліктерінің сарбаздары мен Республикалық Ұлан өкілдері қатысты.

Мерекелік шеруге Қарулы күштердің 96 әскери техникасы мен 43 соғыс ұшағы және тікұшағы қатысты. Алаңда алдымен әскери техникалар сап түзеп, олардың әрқайсысының ерекшеліктері мен мүмкіндіктері және соғыс кезінде атқаратын қызметтері жөнінде баяндалды. Әскери техникалардың арасында «БТР-80», «Д-30» көліктері мен «МСТА» зеңбіректері, «Ураган», «Смерч», «Точка-У» сияқты аса қуатты қарулар, сондай-ақ «С-125», «С-75», «С-200» тектес зенит-зымыранды кешендер тамашаланды.

Ал 40 жылдан астам тарихы бар «Жетісу» пилотаж тобының төрт ұшағы (Су-27) Астана аспанында «қызғалдақ» гүлін бейнелеп, жауынгерлік даярлықтың шыңын көрсетті.

30 тамыз

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ШЕРУ

Қазақ елі алаңында Астанада тұңғыш әскери шеру өтті.

Конституция күніне арналған әскери шеруге Қорғаныс министрлігінің құрлықтағы әскерлері, әуе қорғанысы күштері, әскери-теңіз күштері, сондай-ақ Ішкі істер және Төтенше жағдайлар министрліктерінің сарбаздары мен Республикалық Ұлан өкілдері қатысты.

Мерекелік шеруге Қарулы күштердің 96 әскери техникасы мен 43 соғыс ұшағы және тікұшағы қатысты. Алаңда алдымен әскери техникалар сап түзеп, олардың әрқайсысының ерекшеліктері мен мүмкіндіктері және соғыс кезінде атқаратын қызметтері жөнінде баяндалды. Әскери техникалардың арасында «БТР-80», «Д-30» көліктері мен «МСТА» зеңбіректері, «Ураган», «Смерч», «Точка-У» сияқты аса қуатты қарулар, сондай-ақ «С-125», «С-75», «С-200» тектес зенит-зымыранды кешендер тамашаланды.

Ал 40 жылдан астам тарихы бар «Жетісу» пилотаж тобының төрт ұшағы (Су-27) Астана аспанында «қызғалдақ» гүлін бейнелеп, жауынгерлік даярлықтың шыңын көрсетті.

30 тамыз

АТАТҮРІККЕ ЗОР ҚҰРМЕТ

Қазан айында Түрік республикасының негізін қалаған Мұстафа Кемал Ататүріктің ескерткіші ашылды.

Мәдениет және ақпарат министрлігі үздік эскиздік жобаға конкурс жариялап, нәтижесінде мүсінші Бақытжан Әбішев жеңімпаз атанды. Түрік көшбасшысының мүсіні қола мен граниттен құйылды. Оның биіктігі – 4,4 метр, салмағы 5,5 тонна тартады. Монумент Есіл өзенінің жағасындағы гүлбақта, «Қараөткел» көпірінің төңірегінде орналасты.

Бұл ескерткіш түбі бір бауырлас елдердің ынтымағын одан әрі нығайта түсті. Бұған дейін Түркияның орталығы Анкарада Абайдың, Мұхтар Әуезовтің және Мағжан Жұмабаевтың ескерткіштері бой көтерді.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ҚАЖЫЛЫҚҚА ҚАЛАЙ ҚАРАДЫ?

Халқымыз «Ел іші – алтын бесік» деп жай айтпаса керек. Қырық жыл қырғын болса да, Алаш көсемін – Әлиханын ұмытпаған қазаққа бас июге тиіспіз. Әлекең туралы бір тағылымды әңгімені жақында түбі қарқаралық Райхан Шәріпқызынан естідік.

Бұл кісінің атасы Төлеубай кезінде Меккеге барып, қажы атанған екен. Осы сапарда Қара теңіз жағасында Әлихан Бөкейханмен ұшырасыпты. Бұған байланысты Райхан бүй дейді:

«Сірә, Төлеубай атамыз Әлиханға үлкен сапарға барар жолда жолыққан. Әлихан да ол жақта саясат мәселесімен жүрген болуға тиіс. Қажылық сапар шеккен адам әр жерде садақа беріп, екі дүниенің обал-сауабын ойлайды ғой. Пітір-садақа беріп жатқанын көрді ме, жоқ солай жасағанын өзі айтты ма, әйтеуір, Әлихан біздің атамызға: «Жат жұрттың бейшараларынан бұрын әуелі қазақтың қалың жарлы-жақыбайын тойындырмадыңыз ба?!» депті...

Ел тойынуын қажы сапарымен байланыстырған Алаш көсемінің сөзі, Мағжан ақын айтқандай, даланың желі, белі арқылы бізге жетіп отыр. Шүкір!

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ
12 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН – ЕҚЫҰ ТӨРАҒАСЫ

2009 жылдың 1 қазанынан бастап Қазақстан ЕҚЫҰ тұрақты кеңесін басқаруда және қаржы жөніндегі консультативтік комитетінде төрағалық жұмысын жалғастыруда.

Соңғы жылдар ішінде бірінші рет мүше мемлекеттер ұйымның жиынтық бюджетін уақытылы қабылдауын қазақстандық төрағалықтың үлкен жетістігі ретінде бағалаған дұрыс. Оның 2010 жылғы көлемі 150 миллион евроны құрайды. Кешенді халықаралық консультациялар және сараптамалық жұмыстар нәтижесінде қазіргі төрағалық тұрақты кеңес қарауына қажетті құжаттар, баяндамалар



және шолуларды ұсынады деп хабарлайды ҚР Сыртқы істер министрлігі.

7 қаңтар

ЕЛ ТӨРІНДЕ ҚАСҚАЙЫП ТҰР

1 маусым күні Астанада Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақ хандығының негізін салушы Керей мен Жәнібекке ескерткіш ашылды.

«Бүгінде тәуелсіздігіміздің бойтұмарына, елдігіміздің рәмізіне айналған асқақ Астананың алғашқы кірпіші осында қаланды. Ордамыз бастапқыда осы жерге орналасып, маңайына маңызды мемлекеттік мекемелер қоныс тепті. Сондықтан біз тұңғыш хандарымыздың тұғырлы белгісін Тұңғыш Президент мұражайы саябағында, Астана қаласы әкімдігі ғимаратының маңында орналастыруды жөн деп таптық» деді салтанатты жиынға қатысқан Елбасы.

Ескерткіш жобасына алдын ала байқау жарияланған болатын. Оған бас-аяғы 10 эскиз ұсынылып, қорытындысында астаналық жас мүсінші Ринат Әбеновтің үлгісі үздік деп танылды. Таза қоладан құйылған ескерткіштің салмағы – 16,20 тонна. Мүсіндердің іргетасынан ұшар басына дейінгі жалпы биіктігі – 12 метр. Түрегеп тұрған Жәнібек хан мүсінінің биіктігі 5,25 метр болса, қазақы ер-тоқымда отырған Керей ханның бейнесі – 4 метр.

1 маусым

ТӘШЕНЕВТІ ТАНЫП-БІЛДІК ПЕ?

Қоғам кімнің, қандай топтың құрсауында болса да, ұлтқа қызмет еткендерге арналған тарих парақшасына өзіндік қолтаңбасын қалдырып кеткен тұлғалар бар.

Солардың бірі – әрине, билік-тегі карьерасын құрбан етіп, жеріміздің тұтастығын сақтап қалу үшін күрескен Жұмабек Тәшенев.

Тәшенев – әлі күнге тасада қалып келе жатқан тұлға. Қазақ өзінің кешегі өткен тарихындағы тұлғаларды ұлықтай алмай келеді. Ұлт қайраткерлерін ұмытпау – ұлтты ұлықтау. Бүгінгі жағдай бойынша айтқанда, ол – тәуелсіз санаға ұмтылу, рухани тәуелсіздікке талпыну. Қазақ жерінің біртұтастығын сақтап қалу үшін бодан кездің өзінде қайрат танытып, қаһармандық көрсеткен Тәшеневті тәуелсіз шағымызда ұмыт қалдыру – ұтылыс. Ұлттық мүдде тұрғысындағы ұтылыс. Тәуелсіздікке қол жеткізе отырып, тәуелсіз ұрпақ тәрбиелеу жолындағы шегініс. Ал бұл... кімге керек? Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, биыл аты аңызға айналған біртуар тұлға Жұмабек Тәшеневтің туғанына 90 жыл толып отыр... Дүниеден озса да, оны «Халық қаһарманы» атануға лайық деп айта аламыз.

Нәзира БАЙЫРБЕК
13 наурыз

АСТАНА МӘРТЕБЕСІН АСҚАҚТАТҚАН

1 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Астана саммитін ашты. Саммитке барлық құрлықтан 75 елдің делегациясы қатысты.

Олардың қатарында ЕҚЫҰ Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун, Ресей Федерациясының Президенті Дмитрий Медведев, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон, Германия Федералдық канцлері Ангела Меркель, Италия Премьер-министрі Сильвио Берлускони болды. 25 қарашада Қазақстанда жаңа «Саммит ТВ» телеарнасы өз жұмысын бастады. Ол қазақстандық алғашқы спутниктік арна «Caspionet» базасында құрылды. «Саммит ТВ» тәулік бойы тек қана ағылшын тілінде хабар таратты. Алқалы жиын ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясының қабылдауымен қорытындыланды.

1 желтоқсан



ДҮНИЕГЕ ҮШЕМ КЕЛДІ

Елордалық 27 жастағы келіншек Айгүл Сырманова дүниеге үшем әкелді.

№1 қалалық перзентхананың бас дәрігері Жанат Қашқынбаева құндақтағы сәбилердің жағдайы өте жақсы екенін айтып, елордада соңғы кездері туу көрсеткіші артып келе жатқанын айтқан.

«Астанаға келгеніне бір жылдан асқан жас отбасының қуанышы ұзағынан болсын. Үшемдердің іңгәлаған дауысы енді жалдамалы пәтердің бір бұрышында емес, кең үйдің төрінде естілсін дегіміз келеді...» деп аяқтаған екен журналист Гүлмира Аймағанбет. Бір қуаныштысы, сол кездегі қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов артынша бұл отбасыға үш бөлмелі пәтердің кілтін тапсырды.

13 қаңтар

ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСҚАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Журналист елордаға мейман болып келген қандастарымыздың ішінен 1964 жылы Токио Олимпиадасына қатысқан қазақтың қызы Алданыш Рамазанмен арнайы жолығып, әңгімелескен.

«Моңғолияда сол жылдары жеңіл атлетика дамымаған. 1964 жылы Алданыштың көрсеткен нәтижесі жаман емес еді. Өйткені аузымен құс тістеген Кеңес елі желаяқтарының өзі 400 метрде алғашқы ондыққа ілінбей қалса, 800 метрлікте Л.Эрик 6-орынға әрең ілінген» деп жазады Бекен Қайрат.

7 наурыз

№120 (4864) 11/10/2025 Сенбі

Құстардың көз жасы...

Нұрағаң жайлы ойлануға болады, толғануға болады... Ал жазу өте қиын. Көкейде жүрген көкек ой бірде қонады, бірде ұшады.

Жаз өмірін, мәз өмірін қысқартып,
Бара жатыр, бара жатыр құс қайтып...

Қандай керемет мәтін! Неткен философия! Өне бойы лирикаға толы Тұманбай көкеміз қалай дөп түскен?!

..Летит, летит по небу клин усталый –
Летит в тумане на исходе дня...

Бұл – авар елінің ұлы шайыры Расул Ғамзатовтың жыры. Екі ақынның өлеңдері бүгінде классикаға айналған. Екеуін де халық сүйіп тыңдайды, сүйсініп айтады. Өйткені екі өлең де – сарала сағыныш. Сабырыңды сандыққа салып құлыптасаң да, саңылаудан жарып түскен сәуледей жаныңды тілгілейді. Өкініш бар. Өксік бар. Өміріңнің тоқтауына арналған үнсіз жоқтау – реквием. Өмір бар жерде өлім бар. Бұл – заңдылық. Оған бас исең де, имесең де, табиғат заңы солай. Бірақ ақын мен сазгер қалай, қалай дөп түскен! Расул мен Тұманбай... Ян Френкель мен Нұрғиса Тілендиев...

Бір қызығы – екі композитор да соғысқа қатысып, аман келгендер.

«Тырналар» қалай басталады? Мұнда нота, саз трубамен түріледі.

Ер жігіттің өкініш пен өксікке толы, қабырғаңды сөгердегі «ах» ұруы...

Әрі қарай – скрипка. Бірінші, екінші, сосын виолончель... Тағы оркестр...



Азан-қазан. Жан ұшырған тән азабы емес – жан азасы. Күйігі, күйзелісі – күбі түбіндегі кептелістей күңірену... Бір сәт – жүздеген, мыңдаған пәтердің жарқыраған оттары бірінен соң бірі сөне берген. Бір сәт – мына дүние, мына жарық әлем қап-қараңғы түнекке оранған. Төрт жол ән шумағы төрткүл дүниені шарлап барады. Көк аспанның төсіндегі тырналар... Көзінде жас, көңілдері қаяу. Бірінен бірі қалмауға тырысқан – мұңлы құстың шері бұл. Туған елмен қоштасқанда жылаған тырналардың тырауы. Міне, кіндік қаны тамған елге, өскен жерге, әр бұтаға, айнакөлге, қом суға деген қимастық, өкініш, өксік...

Иә, құстар да жылайды. Бірақ ешкімге оны көрсетпес. Құстың көз жасын көру үшін олармен бірге ұшу керек. Олармен бірге тілдесу, сырласу қажет.

Зымырайды менің бала кезімдей,
Бір жалт етіп өте шыққан, өте шыққан сезімдей...

Жақыныңмен қоштасу бар әкеңмен, анаңмен, жарыңмен араздасу бар...

Бірақ байқамайтын, білмейтін, елемейтін, ескермейтін – ол жастығыңмен қоштасу.

Жалыныңмен қош айтысу қандай ауыр! Қандай трагедия! Адамның ең үлкен қатесі – осы жастығынан жырақтау. Тұманбай ақын мен Нұрғиса композитор қалай суреттеген, өрнектеген! Саз бен сөздің, сезім мен сананың тоғысқан сәті қос жүректің түбінен жарып шыққан сәуле дерсің. Сонау шыңырау құдықтың түбіндегі жылтыраған кәусардай, болмаса қара түнде жарқ еткен жасындай. Найзағай іспетті. Бір сәт – «аааааа» деген үн шығады. Мәтін де жоқ, ән де жоқ. Тек қана қайырма – «ах» ұру. Ана Расул мен Ян Френкель жазған «Тырналардағы» әуендей. Онда да осылай – тек ыңылдау.

Аспан ортақ, құс ортақ, ән ортақ. Себебі бұл құстар – ерек құстар. Талант пен дарынға ғана көрінеді. Оны басқалар байқамайды. Байқау үшін – басқа адам болу керек. Нұрғисадай дарын болу шарт. Нұрғисаның дарыны – құстың тілін білгенінде. Баяғы бағзы замандағы қиссаларда, Қорқыт атада мынадай жолдар бар:

«Желдің, судың, ағаштың,
Құстың да үніне құлақ түрді...» дейді.

Біздің Нұрағамыз осылай болған. Иә... құстың тілін білгенді Пайғамбар деген. Ал Тілендиев қазақ музыкасының пайғамбары еді. Ұстазы Ахаң салған сүрлеумен сапар шеккен салт атты сазгер болатын...

...Летит, летит по небу клин усталый –
Летит в тумане на исходе дня,
И в том строю есть промежуток малый,
Быть может, это место для меня...

Бұл – Расул Ғамзатов пен Ян Френкель.

Ал біздің алыптар былай депті:

Құстар, құстар сызылтып ән салады,
Сол әнімен тербетеді даланы.
Ал адамдар күліп бастап өмірін,
Кетерінде жылай да алмай, жылай да алмай қалады...

Бұларды – құстың тілін білгендер дейді. Ал құстың тілін білу үшін құс болып ұшу керек.

Әлқисса...

Талғат ТЕМЕНОВ,
кинорежиссер

АСТАНАДА ӨНЕР МУЗЕЙІ АШЫЛДЫ

ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жаңа Өнер музейін тамашалады. Министр 1600-ден астам ұлттық музыкалық аспап қойылған музей экспозициясымен танысты.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Музейде сирек кездесетін және ұмыт бола бастаған аспаптарға ерекше назар аударылған. Атап айтсақ, желбуаз, мес сырнай, үйлдек, тастауық және басқа да көне аспаптар бар. Барлық экспонатты музей қызметкерлері қолдан жасаған. Сонымен қатар, көпшілікке ұлттық киімдер залы мен мекеменің шеберханасы көрсетілді.

Аида Балаева Қазақстанда көне ұлттық музыкалық аспаптар, әшекей бұйымдар мен киімдерді қалпына келтіре алатын шеберлердің жетіспеушілігі туралы сөз қозғады. Министрдің айтуынша, Астанада осындай музейдің ашылуы ұлттық мәдениет пен қолөнерді насихаттауға зор үлес қосады.

«Музыкалық аспаптар да, ұлттық киім де – біздің ұлттық мұрамыздың бір бөлігі. Жақында Креативті индустрия қорын ашқанымызды білесіздер. Осы аталған дүниелер креативті индустрияның құрамдас бөлігі болғандықтан, музейдің филиалын сол қордың жанынан ашуды ұсынамын. Қор мен музейге туристер мен шетелдік қонақтар келеді, ал бұл өз кезегінде ұлттық мәдениетімізді ел ішінде де, шет елде де танытуға ықпал етеді» деді министр.

Іс-шара аясында JOSHY QAZAQ NATIONAL GROUP мультиаспаптық ансамблі өнер көрсетті. Ұжым әртістері аспаптарын өздері жасап, авторлық композициялар жазады.

Өнер музейі XIX ғасырдың соңында салынған тарихи мектеп ғимаратында орналасқан. 1982 жылы бұл нысан республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған. Музейде көне музыкалық аспаптарды қалпына келтіру және сақтау шеберханасы жұмыс істейтін болады.

Жаңа музей қалалық Біріккен музейлер дирекциясының құрамында жұмыс істейді. Оған саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарына арналған «АЛЖИР» мемориалдық кешені мен Сәкен Сейфуллин музейі кіреді.

Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Жеңіс жауынгерлері-Поколение победителей» атты кітаптың тұсаукесері болды. Кітап Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің қолдауымен «Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына» арналып шығарылған.

ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРЛЕРІНЕ – ТАҒЗЫМ



1418 күнге созылған алапат соғыстың қасіреті мен қайғысы адамзат баласының басынан кешірген ең қанды қырғын болды. Ел мен жерін қорғап, құрбан болған жауынгерлердің жанкешті ерліктері мен майдан жолдары туралы сыр шертетін бұл кітапта Ақмола өңірінен аттанған жауынгерлердің ерліктері сипатталады. Іс-шараға батырларымыздың ұрпақтары мен туыстары – Рақымжан Қошқарбаевтың, Михаил Бутенконың, Әлмұқан Сембиновтың, Әлихан Темірбековтың, Қаматай Тоқабаевтың, Нашарбек Шамшановтың жақындары арнайы шақырылды. Олар іс-шараны ұйымдастырушыларға, кітап шығаруға атсалысқандарға ризашылық білдіріп, көңіл толқытар естеліктер айтты.

Сондай-ақ тұсаукесер барысында соғыс жылдарының естеліктері мен ерлік жолы туралы құнды деректер айтылды. Шараның мақсаты – «Ешкім де ешнәрсе де ешқашан ұмытылмайды» деген девизбен майдангерлер кешкен естен кетпес естеліктерді ұрпақ санасына жеткізу, оларды ұлықтау, есімдерін мәңгі есте қалдыру. Іс-шараға Астана қаласы әкімдігінің Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұқанов, Республикалық ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев, ұзақ өмір сүру орталықтарының директоры Мұхтар Еркетаев, қоғам қайраткері профессор «Мемориалдық аймақ» іздеу жасағының командирі Майдан Құсаинов және қалалық ардагерлер бастауыш ұйымдарының төрағалары қатысты.

Қарлығаш ҚҰСПАН,
қалалық Ардагерлер кеңесінің медиатобының мүшесі

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж –5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 120

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ